

егемен

Қазвәтәтәһ

Еңбек: кеше, бүгін, ертең

Еңбек: кеше, бүгін, ертең Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты еңбегінде тікелей де, астарлап та бүгінгі тек біздің қоғамдағы ғана емес, кеңірек айтсақ, әлемдегі әлеуметтік даму жолындағы айтарлықтай кедергілер мен мүмкіндіктер талданады. Мақалада осы күрделі проблеманың әлемдік және қазақстандық еңбек қатынастарына байланысты тұстары сараланады.

Еңбек қажеттілік пе, әлде мәжбүрлік пе?

Ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігінің пайымдауынша, 1776 жылы еңбекке қоғамның материалдық сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған күшкім деп анықтама беріле бастаған. Кейінірек тек қана қара күш емес, ой еңбегі де байлықпен байланыстырылады. Бүгінгі энциклопедияларда еңбекке құралдар көмегімен табиғи дүниелерді өз мүддесіне қарай игеретін, оңалдыратын, бейімдейтін адамның мақсатты, саналы әрекеті деп жалпы анықтама беріледі. Бірақ еңбек төңірегіндегі ғылыми ізденістер, пікірталастар жалғасуда. Мысалы, еңбек ету қажеттілік пе, әлде мәжбүрлік пе деген сауалға жауап әртүрлі. Өмір сүру үшін адамның еңбек етуі, күнкөріске керекті қаражат табу, еңбектің материалдық және рухани игіліктің көзі екені өзінен өзі белгілі. Қай заманда да ауыр еңбек қоғам тіршілігі, күнкөрісімен байланыстырылды. Сондықтан еңбекке жаза, айып ретінде, болмаса амалсыздықтан, айналып өтуге болмайтын, мәжбүрліктен шыдап қана көнуге тура келетін, мүмкін болса басқаға аударып салатын іс ретінде қараған. Антикалық қоғамда еңбек етушілер азаматтардың санатына қосылмаған. Тек құлдарды ғана емес, қолөнершілер мен саудагерлерді Аристотель «сөйлейтін сайман» деп қараған. Осылай адамның шынайы өмірі еңбек қажеттілігіне, күнделікті тіршілікке тәуелді емес деген пікір орныққан. Антикалық қоғам саяси белсенділікке, спорттық жарыстарға, шығармашылық жұмыстарға, ойын-сауыққа зор мән берген. Ал ойшылдар мен философтар еңбек мәселесі жөнінде әртүрлі жүйелі ой-пікірлер айтқан. Географиялық мектептің негізін қалаған Ш.Монтескьенің айтуынша, климат пен рельеф, жердің пішіні, таулы, тегіс, сулы болуы адамдардың мінезіне, темпераментіне, тәртібіне және еңбек етуіне әсер етеді. Бұл «халықтың рухын», қасиетін, ерекшеліктерін айқындайды, оған заңдардың да, саяси биліктің де рухы сәйкес келуі қажет. Мысалы, Монтескьенің ойлауынша, климаты өте ыссы елдерде ауыр еңбекті тек мәжбүрлеп, ықтиярсыз, күшпен істетуге болады, сондықтан оларға құлдық жүйесі қолайлы. Ал « еңбек етпеген ішіп жемейді» деген

марксистік қағида адамзаттың басым бөлігінің нан табу үшін тер төгуге мәжбүр екендігін ақиқатқа айналдырды. Демек, еңбек ету табиғи емес, әлеуметтік қажеттілік, сондықтан адамдардың басым көпшілігі еңбекке тартылған. Олай болса еңбекпен қамтамасыз ету, оны ұйымдастыру мемлекеттің парызы

Индустриялық және постиндустриялық қоғам: еңбектің өрлеуі мен құлдырауы

Жаңа заманда еңбек күнкөрістің көзінен адам өмірінің мәніне, мақсатына айналды: жалдама еңбек, мамандық, кәсіпорын, еңбекақы, жұмыс уақыты сияқты шаруашылық тіршіліктің жүйесі қалыптасты. Жалдамалы еңбекке кешегі шаруалар тартылды. Еңбек пен мамандық адамның күнкөрісін, мәртебесін, табысының көзін, өмір сүру салтын, адамдармен адамдардың қатынасын айқындайтын негізге айналды. Кәсіби мәртебесі оның ұлттық, діни, тектік қасиеттерінен жоғары болды. Индустриялық қоғамда еңбек демократиясы қалыптасты, халықтың басым көпшілігі экономикалық мәселелерге араласты, азамат ретінде еңбек құқын таныды. Капитализм орасан зор зауыттар мен фабрикаларда мыңдаған адамдардың басын қосты. Генри Форд бірде өз жұмысшыларының еңбекақысын екі есе көтеріп, олардың өз қолымен жасалған автомобильдерді сатып алуына жағдай туғызған. Бұл шындығында кулық болатын. Жұмысшылар зауытта жасалған автомобильдердің азғантайын ғана сатып алатын еді, ал еңбекақының өсуі өндіріс шығындарын көбейтті. Бірақ еңбекақымен қызықтырып, тәуелді етіп, Форд жұмысшыларды мәңгі бақи компанияның кәсіпорындарына таңып қойды. Осылай жұмыс күшінің тұрақсыздығын азайту, олардың кәсіби біліктілігін жетілдіру, еңбек өнімділігін арттыру көзделді. Себебі, капиталистің жеке байлығы мен құзыры жұмысшыларға тәуелді. Еңбек пен капитал осылай бір-біріне байланды: капиталдың иесі еңбек күшін сатып алуға қабілетті болса, еңбектің иесі әр уақытта да түрі өнді, дені сау, тартымды, кәсіби біліктілігі жоғары, сатып алушылар одан үрікпейтін болуы қажет. Әр жақтың өз мүддесі бар. Еңбек пен капиталдың үйлесуі, түсінісуі, тіл табысуы саясаткерлер мен мемлекеттің де парызы, ал жұмыссыздар болса, олар еңбек резерві, әр уақытта еңбекке сақадай дайын болуы керек. Капитализм осы қағидаларды ұстануға тырысты. Фордтың компаниясына келген жас жұмысшы (подмастерье) өзінің еңбек жолын осында бастап, осында аяқтайтынына сенімді болды. Индустриялық қоғамдағы жұмыспен қамту жүйесі белгілі бір стандарттарға, үлгілерге негізделген: еңбектік келісім-шарт, жұмыс орны, жұмыс уақыты, еңбекақы және тағы басқалар. Дені сау адамның зейнетке шыққанға дейінгі еңбек баспалдақтары негізінен белгілі.

Қызметкерлер белгілі бір үлгідегі еңбек шарттарына отырады, оның көп жақтары кәсіподақтар мен кәсіпкерлердің ұйымдарымен келісіледі. Еңбек процесі белгіленген уақытта фирма ұсынған арнаулы орындарда жүзеге асады. Постиндустриялық қоғамда жағдай өзгере бастады. Өмір бойына жұмыс беретін кәсіпорындар азайды. Бізді тек ажал ғана айырады дейтін «мәңгілік неке» сирек құбылысқа айналғаны сияқты, ұзақ мерзімді жұмыспен қамту да мүмкін бола бермеді. АҚШ-тағы соңғы зерттеулер бойынша, орта білімді америкалық жас жігіттер мен қыздар өз өмірінде кемінде он бір рет жұмыстарын ауыстыратын көрінеді. Себебі, ұзақ мерзімге компаниялар келісім-шарт жасамайды, жұмыс орындары азаюда, жұмыс іздеушілер көбеюде. Сондықтан халықтың азғана бөлігі тұрақты еңбек етеді, қалғандары күтуде, ізденісте. Бүгінгі еңбек қатынастарына белгісіздік, беймәлім, ертеңгісі күмәнді ахуал тән. Еңбек қатынастарының ақпараттық, постиндустриялық замандағы тағдыры қалай болмақ? Ғалым А.Тофлердің айтуынша, ауыр өнеркәсіптің, ірі зауыттардың орнына шағын, икемді компьютермен басқарылатын өндірістер келеді. Адамдар жалықтыратын, біркелкі жұмыстан білім, ақпарат өнімдеріне, қызмет ету саласына ауысады. Еңбек бірте-бірте интеллектуалдық сипат алады. Күні бүгіннің өзінде, мысалы, АҚШ-та білім жүйесі мектеп, университет және ғылыми-техникалық зерттеулер оларға қамтылған адамдардың саны және қаржы жағынан ең ірі салаға айналды. Бұл заңды өзгеріс, ақпараттық, постиндустриялық қоғамда басты қызметті терең білімді, жаңа ғылыми озық технология және жаңа мәдени құндылықтар өндіруге қабілетті адамдар атқарады. Материалдық өндіріс бүгін сан жағынан көп жұмысшыларға мұқтаж емес, себебі ғылыми-техникалық прогресс ең жоғары еңбек өніміне қол жеткізіп отыр. Еңбекпен қамту, жұмыссыздық, еңбекпен жартылай қамту, бос уақыт деген ұғымдар өзінің мәнінен айырылып барады. Болашақта адамдарды жұмыссыздық қана емес, кәсіптің қай түрін таңдаумен қатар, бос уақытты көңілі сүйетін жұмыстардың қай түрлерін таңдау да ойландыратын болады. Еңбекке аз уақыт бөлініп, зейнетке ертерек кететін, білім жетілдіруге көп уақыт алатын заман туа бастады. Бұл заман бірден емес, бірте-бірте келеді. Егер мыңдаған адамдар, әсіресе жастар, жұмыссыз болып, уақыттың молдығынан теледидар алдында, болмаса футбол көрумен шектелсе, олар өмірден де түңіледі, маскүнемдікке, нашакорлыққа, қылмысқа да үйір болады. Осыдан білім жүйесіне, жалпы қоғамдық байлықты бөлуге, бюджет саясатына өзгерістер енгізу қажеттілігі туады. Бүгін бірқатар экономикасы дамыған елдер жұмысты адамдар арасында әділетті негізде бөлу мәселесімен шұғылданауда. Дәстүрлі еңбектің қоғамдағы орнының өзгеруі, «еңбектің ақыры» деген ой-тұжырымдарға итермелеп отыр. Бүгін жеке мүдде алға

шығып, корпоративтік, ұжымдық мүдде ірі кәсіпорындарда ыдырай бастады. Сондай-ақ ешкім меншік құқын жоққа шығармағанымен, меншік, байлық не деген де мәселе туды: білім бе, банкідегі депозит пе, несие карточкасы ма? Ал ғаламдық кеңістікте енді еңбектің мәні не болды? Не үшін адам еңбек етеді? Әншейін күнелту, ішіп-жеп, дүниені тұтыну үшін бе, әлде еңбек жай алданыш, жұбаныш, көңіл көтеру демалыс арасындағы ермек пе? Ертең басқа жұмыс, басқа көлік, басқа отбасы, бәрі өткінші, сондықтан жаныңды салып, беріліп еңбек етудің қисыны жоқ. «Страдиваридың скрипкасын» енді ешкім жасамайды деп топшылайды бірқатар авторлар. Бүгін постиндустриялық қоғамда «еңбек еңбекті күйретті» деген тұжырым айтылады: ұдайы еңбек айналып келгенде еңбектің өзін жоюға әкелді. Ғылыми-техникалық прогресс, еңбек өнімділігінің қарқынды өсуі жұмыс күшіне сұранысты күрт азайтты. Бүгін аздаған адам көптеген тауармен қызмет үлгілерін өндіреді. Соңғы 150 жылда дамыған елдердің жалпы өнімі он есе өссе, бір адамға шаққандағы жұмсаған сағат саны екі есеге азайған. Ал дамыған елдерде ауыл шаруашылығында халықтың 2-3 %-ы ғана жұмыс жасайды. Өндірісті автоматтандыру, робототехниканың дамуы арқасында адамсыз цех, зауыттардың жұмыс істеуі бүгін құрғақ қиял емес. Сондай-ақ бухгалтерия, байланыс, көлік, сауда, қонақ үй бизнесінде, кеңсе, банк қызметкерлері қысқарды, электронды жүйе кітапханашыларды қысқартады. Мәселе кейбір мамандықтарға сұраныстың азаюында ғана емес, адам еңбегінің азаюының ортақ үрдіске қарқынмен айналуында. Ал білімі, тәжірибесі ескіргендер жоғары технологиялық өндіріспен байланысты жаңа жұмыс орындарына бара алмайды. Кәсіби қайта даярлаудың да маңызын асыра бағалауға болмайды. Кешегі жұмысшының озық инженер-техникалық маман болуы екіталай. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін экономика қарқындап өскен тұста еңбекпен толық қамту концепциясы пайда болды, еңбекке жарамды халық өндіріске тартылды, жұмыссыздық өнеркәсібі дамыған елдерде 1-3% ғана құрады. Ал 1990 жылы жұмыссыздық сол елдерде енді 6-8%, ал Еуропа елдерінде 8-11%-ға жетті. Грекия, Испания сияқты елдерде бүгін ол 25%-дан асты. Футурологтар бүгін толық жұмыспен қамтитын заманға оралу жоқ, оны ашық айтуымыз керек деп отыр. Жұмыссыздықтан ем табам деушілер ақиқаттан аулақ. Жұмыссыздықтың тағы бір себебі өндірісті арзан жұмыс күші бар елдерге көшіру болып отыр. Егер әлем халқының қарқынмен өсуінде ескерсек, жұмыссыздық біздің заманымыздың жаһандық проблемасы екені анық. Еңбек уақыты ұдайы қысқаруда. Индустриялық қоғамның алғашқы кезінде жұмыс аптасына 72 сағат еді. XX ғасырдың екінші жартысында 5 күндік 40 сағаттық еңбек аптасына қол жеткізілді. Бүгін көптеген елдерде еңбек аптасының ұзақтығы одан да азаюда. Франция

заңдық негізде 35 сағаттық еңбек аптасына көшті. Басқа елдерде, әсіресе Дания, Нидерланды, Бельгия, Германияда жұмыс аптасы азаюда. Жұмыс уақытының азаюын мынадан көруге болады: XIX ғасырдың екінші жартысында қызметкердің еңбек уақыты жылына 3 мың сағат болса, бүгін көптеген елдерде еңбек уақыты екі есе азайды. Германияда ол 1950 жылы 2300 сағат болса, 2000 жылы 1397 сағат болған. Сонымен бірге дамыған елдерде өмір жасының ұзақтығы өсті: соңғы 150-200 жылдар ішінде он екі есеге өсіп, 75 жасқа жетті. Осыдан 120 жыл бұрын адам өмірінің 35%-ы жалдама жұмысқа арналса, бүгін ол 12-13% құрайды және ол азаюда. Осыдан 10 жыл бұрын неміс әлеуметтанушы ғалымы Р.Дарендорф мынадай бір мәлімет жариялаған. Дамыған елдер халқының 20%-ы еңбекке дейінгі жастағылар, тағы да 20%-ы зейнеткерлер, 10%-ы оқу орындарында. Қалған 50%-дың бірқатары ешқандай кәсіби қызметке ұмтылмайды. Басқалары әртүрлі себепке байланысты еңбекке қабілетсіз. Егер бұлар 15% десек қателеспейміз. Тағы да 10% жұмыссыздар. Қалғандары халықтың 25%-ын құрайды. Сонымен, халықтың төрттен бірі ғана еңбекпен қамтылған. Адам өмірінде еңбектің алатын уақыты азаюда. Қазір Батыста «еңбек плюрализмі» деген бар. Бүгін ресми жұмыссыз болып тіркелгенмен жұмыссыздар деп айтуға болмайтындар көбеюде. Бір адамды, бір жағынан, жұмыссыз, екінші жағынан, жұмыспен қамтылған деп айтуға болатын жағдайлар жиі көрініс алып отыр. Бүгін Германияда халықтың төрттен бірінің, Ұлыбританияда үштен бірінің ғана тұрақты жұмысы бар. АҚШ та еңбек рыногының жағдайға икемділігі соншалықты тек бірнеше жерде жұмыс жасап қана күн көруге болады. Орта есеппен америкалықтар еуропалықтарға қарағанда көп еңбек етеді, олар тәуекелшіл, белсенді, өз тағдырына өздері жауапты, ізденгіш, бәсекеге, қабілетті. Біреуінің аузына түсейін деп тұрған нәпақаны екіншісі жолдан қағып алады. Прагматик америкалықтар табысты, пайданы басты мақсат етіп қояды. Сондықтан АҚШ- тағы қылмыстың ең көп тараған түрі меншік, ақшамен байланысты. Сонымен, дәлірек айтсақ, мәселе еңбекақы төленетін жұмыстың жойылуында емес, еңбекпен толық қамтамасыз ету мүмкіндігінің азаюында. Егер индустриялық қоғамда адамдар бос уақытын шаршататын, жалықтыратын жұмыстан кейін күш-қайратын, денсаулығын қалпына келтіруге жұмсаса, енді жұмыс сағаттары, күндері азайған тұста адамдар бос уақытында немен айналысады деген сауал туады. Енді не істеу керек? Сауал негізсіз емес. Бірқатар ғалымдар адамдар еңбек бұғауынан бостандық алып, енді шынайы еркіндікке, саналы, байыпты іспен айналысуға мүмкіндік алады десе, екіншілері қоғамға төніп келе жатқан қауіптен сақтандырады. Еңбек қалай дегенмен адамды тәртіпке үйретеді, іске жұмылдырады. Жаңа қоғамда енді маскүнемдікке, нашақорлыққа, қылмысқа жол

ашылып, қоғам олардың алдында әлсіз болып қалмай ма? Бүгін тұтынушылық қоғамға қатер туа бастаған жоқ па? Еңбек құлдырап, кәсіби жетістіктер бағаламаған тұста адамды қадірлеудің өлшемі қандай? Еңбектен тыс қандай лауазым болуы мүмкін? Белгілі бір мамандықтың, қызметтің иесі болмаса адамдарды қалай қабылдаймыз? Осы басқа да сауалдарға футурологтар жауап беруде: кәсіби еңбектен басқа адамның өзін танытатын салалар көп. Бүгінге дейін біз адамды экономикалық белсенділігіне, табысына қарай мәртебесін айқындасақ, енді басқа қырынан да байқай аламыз. Оған қандай мүмкіндіктер бар? Біріншіден, бос уақытты белсенді, мазмұнды өткізу, білімді, жүйелі істермен айналысуы, мысалы, спорт, көркемөнер, музыка, т.б. адамзаттық бастамалар. Екіншіден, нарықтық және әкімшілік (мемлекеттік) сектордан бөлек үшінші сектор бар, бізше айтқанда, мемлекеттік емес ұйымдар. Дамыған елдерде адамдар әлеуметтік мәселелерге, азаматтық бастамаларға аса зор ықылас танытады. Ол экологиялық, құқық қорғау, қайырымдылық ұйымдар, жергілікті өзін өзі басқару, мәдени шаралар және т.б. АҚШ-та әрбір азамат волонтер, өз еркімен әртүрлі бастамалардың жұмысына ақысыз аптасына 4-5 сағат қатысады. Германияда әрбір үшінші азамат қоғамдық іспен айналысады. Үшіншіден, отбасындағы еңбек, отбасы мүшелеріне тұтынатын игіліктер өндіру, бұл байлықты ресми статистика есепке алмайды. Бала тәрбиелеу кәсіби еңбектен құнсыз емес. Ол қоғамның өте маңызды функциясы. Оны көркем өнер, жазушылық, саяси, қоғамдық қызметке теңеу жөн, зейнетақы алуға, медициналық тегін көмек алу құқын беру жөн. Төртіншіден, үздіксіз білім алу, жасына қарай шектемеу, білім аса ауыр еңбек түрі. Бұл тұста білімге адамның өзін өзі тануы, рухани жетілуінің амалы деп қарау жөн. Осы аталған еңбек түрлерінің бүгін беделін көтеру маңызды болып отыр. Социологтардың айтуынша, мәнсіз, мағынасыз, уақытша жүз мыңдаған қоғамдық жұмыс орындарын аша бермей, сол қаржыны мұғалімдер мен тәрбиешілердің, музейлер мен кітапханалардың, спорттық кешен қызметкерлерінің санын өсірген жұмыссыздарға да, халыққа да тиімді. Р. Дарендорфтың айтуынша, еңбек қоғамының күйреуі шынайы демократиялық қоғамға бастайтын маңызды қадам. Оның ойынша, еркіндік үшін еңбек ету құқы еңбек етпеу құқынан маңыздырақ. Азаматтық құқықты саудаға салуға болмайды. Азаматтық мәртебе мамандықтан жоғары, еңбек ету, не етпеу адамның жеке мәселесі. Бірақ мәселе түбегейлі еңбек етуден бас тартуда емес. Әр адам бірнеше жыл еңбек етіп, кейін отбасы мәселелерімен айналысып, қайтадан жұмысына оралып, ол жалықтырғаннан кейін саясатқа белсенді араласуы мүмкін. Осылай өмір бойы кейде еңбекақы алып, кейде еркіндікті таңдайды. Осы тұрғыдан қарағанда, өзін өзі жұмыспен қамту,

толық апта жұмыс жасамау, уақытша бір жұмысты істеп тастау, үй жағдайындағы шаруалар – күнкөрістің көзі, екінші жағынан, ешкімге жалтақтамай өз өміріне өзің қожа болу деген сөз. Сірә, қоғамның ең басты мәселесі басым көпшілік жұмыс жасамайтын қоғам адамдарын материалдық жағынан қамтамасыз ету болмақ. Бұл өте күрделі мәселе және оны шешу жолы әлі толық анықталмаған. Бүгін капиталистік елдерде жұмыспен қамтудың француздық, жапондық, америкалық, шведтік модельдері қалыптасқан. Бірқатар елдерде жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы төленеді, ұзақтығы әр мемлекетте әртүрлі, 25, 60, 90-аптаға дейін жәрдемақы төленетін елдер бар, жәрдемақының мөлшері де бірдей емес, дегенмен ол аш та етпейді, тоқ та етпейді, үйренген соң жәрдемақымен өмір сүретіндер көп. Жұмыссыздар жәрдемақыдан салық төлейді. Қазіргі экономикалық дағдарыс жәрдемақы алушыларға қауіп төндіріп отыр. Бүгінгі айқын көрініп тұрған амал жаңа жұмыс орнын ашу қиын болғанмен, бұрын бір адам істеген жұмыс орнына бірнеше адам қабылдап, бірақ жоғары еңбекақы төлеу болып отыр. Ең бастысы, бүгін бар жұмыс орындарын сақтау. Мұндай шаралар Еуропада бүгінде іске асып та жатыр.

«Жалпыға ортақ еңбек қоғамына» өтудің кейбір тұстары

Еңбектің әлеуметтік және экономикалық астарлары. Қазақстан басқа да посткеңестік елдер сияқты дамыған елдерді «қуып жетуші» мемлекеттердің қатарына жатады. Сонымен бірге дамыған елдерді ойландырып отырған «еңбектің ертеңі ғана емес, еңбексіз ертең» қоғамының ащы сабағының жағымсыз салдарының алдын алу да бізді мазаландырып отырғаны сөзсіз. Біз социализм мен жоспарлы экономика жағдайында «әркімге қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деп теңгермешіліктің тар соқпағынан шыққан елміз. Еңбек ету кеңес заманында түгелдей мемлекет бақылауында болды. «Әскери коммунизм» тұсында тұтастай барлығын жұмыспен қамтитын жүйе болса, «жаңа экономикалық саясат» тұсында оңды жағдай туып, еңбек рыногы қалыптасып, жұмыссыздық еңсеріле бастады. Бірақ еркін еңбек таңдау, өз тізгінің өзінде болуы ұзаққа бармады. Ұжымдастыру еңбекшілерді құлдардың жағдайына түсірсе, индустрияландыру кеңес елін үлкен зауытқа айналдырды, еңбек кітапшасы енгізілді, жұмысшылар өнеркәсіп орындарына бекітілді. Гулаг, құрылыс батальондары, жаппай ауылшаруашылық жұмыстарына жегу, тағы басқаларды да халық басынан кешірді. Өз еркімен жұмыс орнын ауыстыруға 50-жылдардың ортасында мүмкіндік туды. Посткеңестік елдерде еңбек рыногы социалистік жүйе тарағаннан қалыптаса бастады. Соңғы 20 жылдан астам уақыт еліміздегі экономикалық реформалар біз қалайық, не қаламайық бір жеке адамның бұйрығымен емес, нарыққа өтудің

амалсыз қадамдары болды. Жоспарлы экономика еңсеріліп, нарықтың тетіктері енгізілді. «Социалистік лагерьдің» барлық елдерінде тауарға зәрулік жойылды. Бұл жағынан алғанда тұрмыс барлық елдерде жақсарды. Өмір жаңарды, интернет, ұялы телефон, ноутбук, цифрлы теледидар, тағы басқаларға үйрендік. Сонымен бірге рухани-психологиялық салаларда абыржу, үрей пайда болды, жұмыссыздық пен қылмыс өсті. Кеңшарлар мен ұжымшарлар тарап, көптеген кәсіпорындар жабылып, балапан басына, тұрымтай тұсына кетіп, әркім өзінше, өз жөнімен күнкөріс қамын ойлады, дәстүрлі ынтымақтастық, жанашырлық кейде ұмытыла бастады. Бүгін қоғамның кескіні әлі толық қалыптаспаған, бытыраңқы, енжар. Халықтың жанына батқан 90-шы жылдардағы жоқшылық, жұмыссыздық, материалдық қиындықтар, еңбекке теріс көзқарас тудырды. Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, «аз жұмыспен, көп табу», «ауадан ақша жасауға» бейімделдік. Мансап, биік әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу, аттестат, диплом, сертификат алу маңызды болып, еңбектің өзі құндылық болмай қалды. Сонымен бірге, еңбек етем деушілерді «артық», пайдасыз адам етіп кемсітті, қорлады. Бүгін де сол жанға салған психологиялық жарақат, оның салдары жазылған жоқ, ең бастысы, еңбек еткен адамға деген құрметтің жанданатынына сенім әлі аз. «Халықтың елеулі бөлігі 90-шы жылдары – дейді Н.Назарбаев, – «мәжбүрлі жұмыссыздық мектебінен өтті». Бүгінгі ұрпақ солардың балалары мен немерелері. Соңғы деректерге қарағанда, Қазақстанда еңбекпен қамтылған халықтың 23%-ы мемлекеттік, 74,5 жеке және 2,5%-ы басқа мемлекеттердің меншігіндегі секторларда қызмет етеді. Салалар бойынша қарағанда еңбек етушілердің 18,9%-ы ауыл, орман, балық шаруашылығында, 18,9-ы өнеркәсіп пен құрылыста және 51,77% халыққа қызмет ету (білім, ғылым, денсаулық сақтау, сауда, мейрамхана, қонақ үй бизнесі, т.б.) саласында. Сондықтан, еңбек адамы дегенде біз кәсіпорындарда жұмыс жасайтындарды ғана емес, жазушы, ғалым, артист, педагог, дәрігер, кітапханашы, бір сөзбен айтқанда, қол еңбегі мен ой еңбегі қызметкерлерін айтуымыз керек. Жұмысшы табы, ұжымшар еңбекшілері мен интеллигенциядан тұратын кеңестік таптық жүйе өзгерді. Кеңес қоғамында орта тап қалыптасуға белгілі жағдайлар жасала басталған еді. Қазақстанда да техникалық, ғылыми, педагогикалық және мәдени-ғылыми интеллигенция, өндірісті басқаратын персонал, жоғары маманды жұмысшылар болды. Олардың интеллектуалдық әлеуеті, материалдық жағдайы басқа социалистік республикалардан кем түспейтін, елде олардың саяси беделі мен ықпалы да зор болды. Алғашқы баламалы сайлауларда олар халықтың қалаулылары болды, Қазақстанның тәуелсіздігінің іргетасын қаласты. Нарықтық экономикаға көшкен тұста олардың көбіне сұраныс болмады, бірқатар диаспора өкілдері тарихи

отанына оралды. Шынайы, білімді, ақылды адамдар бағаланбады. Осылай интеллигенцияның қоғамдағы орны төмендей берді. Соңғы 20 жылдағы қаптаған ғылым кандидаттары мен докторлары елдің білім деңгейінің өскенінен гөрі, дилетанттардың санын ғана өсірді. Кәсіптік-техникалық білім жүйесі әлсіреп, жұмысшылардың мамандық деңгейі төмендеді. Кейбір есептер бойынша 38%, 10%-ға түсті: Ел халқы кедейленді, бүгін де кедейлердің саны ресми статистика көрсеткеннен жоғары, себебі, күнкөріс минимумы толыққанды өмір сүріп, қажетті тамақ ішіп, киім кию, емделуге жетпейді. Ол деңгей дамыған елу елдермен салыстыруға келмейді. Әлеуметтік зерттеулер посткеңестік елдерді әлеуметтік құрылымы жағынан төрт топқа бөледі: жоғары, орта, негізгі, төменгі және әлеуметтік мәртебесі айқындалмаған, ешқандай топқа жатқызу мүмкін емес. Жоғары топқа билік басындағылар, генералитет, бизнес-элитаны жатқызады. Орта топ: онда орта таптың нышандары баршылық. Орта топ туралы әлеуметтану ілімінде пікір алуан түрлі: 1) орта топ бар және ол өсуде; 2) орта топ бар, бірақ ол енді ғана қалыптаса бастады; 3) орта топ бар, бірақ оны батыстық қоғамдағы орта топқа теңеуге болмайды, біздің орта топ білімі, мәртебесі биік болғанымен, кедей топ. Бұл пікірмен келісуге болар. Бүгін дарынды, сапалы, терең білімді, жаңалыққа құштар, ой өрісі кең азаматтардың еңбегі өз дәрежесіне сай бағаланбай келеді. Бүгін мәдени әлеуетінен гөрі пысық, кейде ар-ұяттан аттайтындар озды, соңғы уақытта ғана білімді, тәжірибелі мұғалімдерге, дәрігерлерге, инженерлерге сұраныс туа бастады, ал ғалымдар, мәдениет және өнер қызметкерлері, гуманитарлық саладағы мамандардың еңбегі бағаланбайды. Мемлекеттік емес салада жоғары мамандық иелеріне сұраныс өсіп, олардың еңбекақысы жоғарылай бастады. Ал мемлекеттік секторда еңбек адамдарын бағалауда екі ерекшелену байқалады. Мемлекеттік жүйенің басым бөлігінде бұрынғыша еңбегіне қарай емес, жалпылама бағалау, ой еңбегінің маңызына назар аудармау орын алуда. Осыдан келіп қаржы, отын-энергетикалық және экспорттық салаларда, жоғары басқару, бірқатар экономика және заң қызметкерлерінің еңбекақысы жоғары да, бюджеттік мекемелерде төмен. Біліміне қарай орта топқа, табысына қарай орта топқа жатқызуға келмейтіндер көп. Дегенмен, орта топтың басым көпшілігі кәсіпкерлер, орта, кіші кәсіпорындардың менеджерлері, орта деңгейдегі мемлекет қызметкерлері, аға офицерлер, жоғары маманды инженерлер, ғылыми элита, жоғары санаттағы педагогтар, дәрігерлер. Бұл бүгін сан жағынан өсіп, күш алып келетін топ, әлеуметтік реформалардың жүргізуші күші, тұрақтылықтың тірегі осылар. Президент кәсіпкерлер туралы былай деді: «Атап айтқанда, ІЖӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 40 пайызды құрайды. Еңбекпен қамтылу құрамында білікті мамандардың үлесі де 40

пайызға жетті». Негізгі әлеуметтік топ сан жағынан ең көлемді, еңбекке жарамды халықтың тең жартысына жақын, олар көбіне реформаларға қатысушыдан гөрі олардың құрбаны, өтпелі дәуірдің қатаң талаптарына бейімделе алмады, зейнетақы да жинай алмады, басым көпшілігінің білімі орта, қалаларға қоныс аударған, тұрақты жұмысы жоқтар, отбасылық табыстары төмен, жұмыссыз қалғандар, шамалы малы мен ауласындағы шаруашылығымен күнкөрушілер, өзін өзі еңбекпен қамтығандар. Олардың саны үш миллионға жуық, шамалы бөлігін табысы жағынан орта топқа да жатқызуға болар, дегенмен, басым көпшілігінің жұмысы жоқ, табысы аз. «Бұл санаттағылардың арасында мал ұстайтын жеке аула иелері (былайша айтқанда, ұсақ фермерлер), өз автокөліктерімен жеке тасымал жасаушылар, бірнеше пәтер ұстап, соларды жалға берушілер бар. Өзін өзі жұмыспен қамтығандардың елеулі бөлігін тұрақты жұмысы жоқ, еңбекке қабілетті адамдар құрайды, – дейді Нұрсұлтан Назарбаев, – сондықтан бүгінгі күні өзін өзі қамтыған халықты нақты экономикаға қосуға бағытталған шараларды жүзеге асырудың маңызы зор». Алайда, Елбасы бұлардың санын анықтау тәсілінің шартты екеніне назар аударады, себебі, сатистика қалыптасқан жағдайды толық көрсете алмайды. Есепке алу, есеп беру, заңнамалық негіз, шаруашылықты жүргізушілердің әрекеттері бізде нақты жүйелендірілмеген. Еңбекке қабілетті халықтың 33-34%-ы өз өзіне жұмыс берушілер категориясына жатады. Әлемдік тәжірибеде жұмыс істейтіндер екі топқа бөлінеді: жалданбалылар және өзіне жұмыс табушылар деп. Ал мемлекеттік статистика өзін жұмыспен қамтамасыз етушілер деп өз бетімен тауар өндіру, сату және қызмет ету арқылы табыс табушыларды есептейді. Сонда олардың ресми жұмыс істейтіндерден айырмашылығы қандай деген сауал туады. Шындығында, өз бетімен еңбек етушілердің еңбек өтілі есептелмейді, зейнетақы қорына қаржы аударылмайды, олардың басым көпшілігі жұмыссыздар, кездейсоқ, уақытша табыспен күн көреді. Төрелігін айтсақ, бүгін біз Қазақстанда қанша адам жұмыс істейді және қаншасы жұмыссыз екенін толық білмейміз. Ешқандай топқа жатқызуға мүмкін емесер – әлеуметтік жағынан азғындарды, қоғамнан шеттетілген, кейде қылмыстық топтармен байланыстағылар, қаңғыбастар, маскүнемдер, жезөкшелер, кейбір жазасын өтегендер. Олардың кейбірінің өмір салты негізгі топқа жақынырақ. Сонымен меншік иеленуі, еңбегі, табысы мен мәртебесіне қарай қазақстандықтардың жаңа әлеуметтік келбеті осылай қалыптасу үстінде. Біздің қоғамға енді экономика тұрғысынан қарасақ, оның еңбекке байланысты басқа да қырлары көрінеді. Мәселе ресми және бейресми экономика туралы болып отыр. Мемлекеттің бақылауындағы экономиканы – ресми экономика дейді. Мемлекет экономиканың қызметін бақылауға мүдделі, себебі, салық көп

болған сайын ол өзінің қызметін жеңілірек атқарады. Бейресми экономика – толық немесе жарым-жартылай мемлекеттік реттеуге бағынбайтын, ешқандай шарттармен бекітілмеген, статистика және салықтық есептен тыс экономика. Бұл салада еңбек ететіндердің қызметі мемлекеттік ережелермен, заңдармен жүйелі, тікелей тәртіптелмеген. Бейресми экономика, негізінен, дамушы, кенже қалған елдерге тән, «өркениетті» дейтін елдер экономикасында өріс алмаған деп саналған. Бейресми экономика саласындағылар, мемлекеттен кепілдік күтпейді, заң ретімен шартқа отырмайды, банктерден несие алмайды. Сондықтан Индонезияда оны «базар экономикасы» деп «фирмалық экономикаға» қарсы қояды. Африкадағы жұмыспен қамту мәселесін зерттеген ғалымдар мемлекеттік статуска сүйеніп ол құрлық халқының 50%-ы жұмыссыз деген тұжырымға келген. Себебі, компаниялардың беретін жұмыс орны шектеулі. Осыдан келіп африкалықтарды еңсесі түскендер деп ойлауға болар еді. Жоқ, олай болмады. Мысалы, Гана мемлекетінің астанасы Аккра қаласының көшелерінде қайнаған өмір: көше толған саудагерлер, таксистер, қол жүктерін тасушылар. Мемлекет жұмыспен қамтамасыз етпеген соң, адамдар өздерінің күнкөрістері үшін әртүрлі жолдарды табады. Осыдан ХХ ғасырдың 70-жылдарында жұмыс беруші тек мемлекет деген ойдан экономикалық ғылым бас тарта бастады. Бара-бара бейресми экономиканы шешу, артта қалған елдермен емес, дамыған елдермен де байланыстырылатын болды, бұрынғы стереотиптер бұзыла бастады. Батыста да бейресми экономика саласында адамдардың жұмыспен қамтылатыны анықталды. Оның үстіне шетелден қоныс аударушыларға да (бізде ауылдан келгендерге) уақытша жұмыс беру кең тарады. Экономиканы, шаруашылық қатынастарды тұтастай реттеу, бақылау мүмкін емес. Тұтастай экономиканы бақылауға ұмтылыс мемлекетті катал әкімшілікке негізделген жүйеге айналдырып, оның ерте ме, кеш пе күйреуіне әкеледі. Оны біз басымыздан кешірдік. Бейресми экономика саласы бізде де етек алды. Соңғы деректерге қарағанда, еңбекпен қамтылған халықтың 23%-ы мемлекеттік, 74,5%-ы жеке және 2,5%-ы басқа мемлекеттердің меншігінде қызмет етеді. Ал бейресми экономика саласында қанша адам еңбек ететінінен хабарсызбыз. Бейресми экономиканың өзі күрделі. Бұл саланы көлеңкелі және қылмыстық (криминалдық) экономика деп жіктейді. Олардың айырмашылығы мынада: көлеңкелі бизнесте еңбек етушілер мемлекет рұқсат берген тауарларды заңсыз жолмен өндіреді, ал қылмыстық экономика саласындағылар мемлекет тыйым салған тауарларды шығарады, заңмен тыйым салынған қызмет түрлерімен айналысады. Мысалы, тіркелмеген фирма бас киім шығарып салықтан жалтарады. Бұл көлеңкелі бизнес. Ал жезөкшелік, порнография, қару жасау, есірткі бизнесі-

мен айналысу бұл экономикалық қылмыс. Көлеңкелі экономиканы жарыққа шығару керек болса, қылмысты бизнесті жою керек. Бейресми экономика өз саласына көп адамдарды жұмысқа тартады, «жасырын» («левый») тауар шығару және сату, жалған фирмалар құру, келісім-шартсыз жұмысқа қабылдау, таныстық, туыстық, жергілікті қатынастарды пайдаланып лауазымды адамдарды сатып алу, БАҚ-та пайдаланып қарсыластарын қаралау, беделін түсіру, тағы да басқа заңсыз әрекеттерге барады. Осылай ресми сала мен бейресми сала жең ұшынан жалғасып, астыртын келісіп, бірлесіп те жатады. Келісім-шартсыз жұмысқа қабылдау қызметкерлердің құқын бұзып, кіріптарлыққа, құлдыққа итермелейді: еңбекақысын мөлшерінде төлемейді, олар әлеуметтік жағынан (зейнетақы, жәрдемақы төленбейді, демалыс, аурулығына байланысты төлем алмайды) қорғалмаған, жұмыста қауіпсіздік техникасы сақталмайды. Құқық қорғау органдары олармен күреседі, бірақ олар да қауқарсыз, себебі, жалданып жасырын жұмыс істеушілер өте көп. Сонымен, бейресми экономика саласындағы еңбектің өз ортасы, өзіндік психологиялық ахуалы, жазылмаған заңдары мен қарым-қатынасы, ең бастысы, өзара сенімі бар. Бұл саланы тұтастай мемлекетке икемдеу мүмкін де емес. АДАМДЫҚ ФАКТОР Сөз жоқ, Елбасы тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік мемлекеттің іргетасының қаланғаны, бұл саланы реформалаудың бірқатар параметрлері бойынша ТМД елдерінің алдын орап, өз әріптестерінен озып кеткендігін, масылдықтың деңгейінің төмендегенін айта келіп, тұрақтылық пен игілік жемістерін қаншалықты тиімді пайдаланып келе жатқанының маңызды мәселе екендігіне тоқталады. Әсіресе, тұтыну идеологиясының бүлдіруші болғанына ерекше назар аударды. Оған себеп: Нарықтық экономика еңбекпен қамту саласында терең өзгерістерге әкеліп, жұмыс күші мемлекеттік сектордан жеке секторға ағылды, қоғамның әлеуметтік құрылымы күрделенді, жеке меншік иелері, жалданбалы жұмысшылар, өз өзін жұмыспен қамтушылар, жұмыссыздар, бейресми экономикада қылмыстық кәсіппен айналысатындар да пайда болды. Байлыққа тойғандар тұтынушылық індетіне шалдықты. Ал миллиондаған адамдардың білімі, еңбек тәжірибесі мен күш-қуаты ел игілігіне толық қызмет жасай алмайтын жағдай туды. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы социализм тұсындағыдай «еңбек етпеген ішіп жемейді» деп жаппай еңбекке мәжбүрлеу емес, еңбек етем деген адамға жағдай туғызу. Өзі айтқандай, «Менің назарымдағы басты мәселе – әр қазақстандыққа қамқорлық көрсету». Жаһандық дағдарысының басты себебі, әлеуметтік масылдық екенін айта келіп, Президент балама концепция ұсынды: «Тек бүкіл әлемде ғана емес, сондай-ақ, тіпті дамыған елдерде жүзеге асырылуы мүмкін болмайтын бұл жалған идеяғасындарлы

балама табуға болады. Және мұндай балама Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы болып табылады». Бұл идеяның негізі ой өзегі, басшылық қағидасы – экономикадағы негізгі құндылық адамдық фактор екендігін шегелеп, қадап айту. Еңбек адамына өндірістің құрал-жабдығы сияқты элемент ретінде қарау бүгін орын алып келеді. Бұл көзқарас әрі кеткенде еңбек адамына мамандық иесі, оның шеберлігі, машықтығын ғана ескереді. Ал енді адамның өзінің еңбегіне, өндірісіне, оның басшыларына көзқарасы ескерілмеді, оның ниеті, көңіл күйі, қалыптасқан ахуалды қызметкердің қабылдайтыны не қабылдамайтыны, ұлты, діні көп жағдайда алаңдатпайды. Бұл үрдістің бүгін етек алғаны соншалықты, ғылымда «адамгершіліксіз экономика», деген ұғым қалыптасқан. Адам – өндірістік процесті қалыптастырушы басты тұлға. Адамның араласуынсыз, оның жасампаздық білімін, күш-жігері, ұйымдастыру әрекетінсіз қандай да болсын жаңа механизм, құрал-жабдық жай ғана пайдасыз дүние. Адамсыз қандай да бір «ақылды» технология үйме темір, металл, ал өндіріс ғимараты – иесіз қаңыраған үй. Осыларға жан бітіретін адам ғана. Еңбек адамдарының басым көпшілігі саналы түрде өз еңбегін жетілдіруге тырысады. Сондықтан еңбек мәселесін адамдық факторсыз зерделеу мүмкін емес. Еңбекте де адамның азаматтығы, руханилығы, өзіндік қасиеті, қайталанбас тұлғалық ерекшеліктері көрінеді. Адам тек материалдық игілікті тұтынушы емес, оларды жасаушы, өндіруші. XX ғасырда еңбек өнімділігін 100-140 есе өндіру адамның мүмкіндігін көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде біз адамдық факторды тек экономикалық маңызы жағынан ғана емес әлеуметтік-психологиялық, тіпті физиологиялық қырынан да тануымыз керек. Олардың тиімділігі техникалық және технологиялық тетіктерден кем түспейді. «Ақыр аяғында, – дейді Н.Назарбаев, – әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар «виртуалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалады». Адамдық фактор Президент еңбегінде үш деңгейде қарастырылады. Экономикаға, еңбек адамына, өндірістік ортаға жаһандану заманында әлемдік еңбек қатынастарын, экономикалық ахуал, алыс-жақын шетелдер немесе макроорта ықпал етеді. Мысалы, Елбасы Қазақстандағы еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекциясының Халықаралық еңбек ұйымының «Өнеркәсіп пен саудадағы еңбекті инспекция туралы» Конвенциясына сай келмейтіндігін айта келіп, «Неліктен мен бұл проблема туралы айтып отырмын? Бұл – техникалық қана мәселе емес. Бұл – адамдар өмірі!» дейді. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар еңбек қатынастарына тікелей қолданылады. Осыған орай, Нұрсұлтан Назарбаев «Еңбек ресурстарының жалпы рыногын құруды көздейтін Біртұтас экономикалық кеңістік

жағдайында үш елде біліктіліктің ұлттық жүйесін құру жұмыстарын үйлестіру қызметінің маңызы зор», – дейді. Екінші деңгейді мезорта немесе аралық орта деуге болар. Еңбек қатынастарына азаматтық қоғам институттарының белсенділігі, өзін өзі басқару органдарының бастауларының дамуы, өмір сүретін орта, ауыл, қаланың ахуалы, еңбек ететін саланың жағдайы, тек мемлекет емес, мемлекеттік емес, жеке меншік құрылымдарының маңызды әсер ететініне Елбасы басты назар аударды. Еңбек ахуалына елдегі экономикалық жағдай, еңбек төңірегіндегі әлеуметтік-психологиялық ахуал, әлеуметтік әділдік және оған қоғамдағы сенім, әсіресе, жемқорлықпен күрестің тиімділігі әсер етеді. Болашақ бағдарламасы негізінде сапалы білім алып, елге пайдасын тигізе алмай жүргендер «егер таныс-білісің, аға-көкең болмаса сені ешкім байқамайды да» дейді. Олар Қазақстанды шетелдердегі жұмыс жағдайымен салыстырып, онда ешкім құшақ жайып күтіп отырмаса да, өмір жоспарын өздері оқыған елдермен байланыстырады. «Бірақ шетелде еркін бәсекелестік бар. Сенің экономикалық-әлеуметтік жағдайыңа қарамайды, тек қана білімің және жеке қабілеттілігің негізінде жұмысқа қабылданасың» («Қазақ әдебиеті» 26.10.2012). Оқыған жастар жемқорлыққа, таныс-біліспен жұмысқа орналасуға жеркөшіспен қарайды. Шынында, бізде ұсақ-түйек мәселеге дейін таныстықпен шешу қалыпты жағдайға айналған. «Ағасы бардың жағасы бар» дейтін нақыл сөз бүгін жоғарыда көкесі барлардың ғана жолы болады дегенге ауысқан сыңайлы дейді жас мамандар. Нұрсұлтан Әбішұлы үлкен өкінішпен адамдардың «жаңа біліктілікті» игеруден гөрі базарда «такси» қызметін атқаруды қалайтын сияқты психологияның сақталып отырғанына орынды өкініш білдіреді. Дегенмен, сол таксистердің бірқатары еңбек ұжымдарындағы жемқорлықтан қашқандар, болмаса, пара беріп жұмысқа орналасуға қаржылары жоқтар. Ақтөбеде таксистермен жиі әңгімелесемін. Жасы 40-тан асқан, бұрынғы колледж мұғалімі, ай сайын еңбекақысынан әртүрлі сылтаумен бес-он мың ақшасын ұстайтынын айтады. Қазір өзіме өзім қожамын, табысым жаман емес дейді. Жұбайым балалар бақшасында тәрбиеші, ай сайын комиссия келеді, дастарқан жаю, сый-сияпат жасау, тағы басқа деп еңбекақысын толық ала алмайды. Демалысқа шыққандағы алатын төлемін де екі айдан кейін алды, дейді. Жас жігіт, темір жол колледжін бітірген, мамандығы тепловоз машинисінің көмекшісі. Егер мамандығым бойынша жұмысқа орналассам, 100 мыңнан астам еңбекақы алар едім, бірақ ол үшін жоғарыдағыларға пара беруім керек дейді. 50-ден асқан бұрынғы кеңшар механизаторы еш жерге жұмысқа (жасына байланысты) орналаса алмаған. Мамандығы электрик, өндірісте жұмыс жасаған, бірақ еңбекақысын уақытында ала алмаған соң, жұмыстан кеткен. Бұл әңгімелер де бүгінгі

өмірдің айнасы. Бүгін жемқорлық еңбек қатынастарының, әділетті негізге қалыптасуына үлкен кесір келтіріп отыр. Босаған жұмыс орындарын жасырып, тек таныс-туыстарын орналастыру да бізде дағдыға айналған. Бірқатар елдерде босаған жұмыс орнын тіркеу заңмен бекітілген, ал жасырғаны үшін жауапқа тартылады. Компьютерленген жүйе арқылы бос орындардың деректі банкі жасалған. Бұл жемқорлықтың алдын алатыны сөзсіз. Еңбектегі адамдық фактордың үшінші деңгейі – еңбек адамына тікелей ықпал ететін қайшылықтар мен шиеленістерге толы микроорта. Бірқатар зерттеулер бойынша, еңбек өмірлік құндылықтардың көзі болса да, отбасы, материалдық, молшылық, бала тәрбиесі денсаулықтан кейінгі орында. Бірақ жұмысқа уақыт басқасынан анағұрлым көп бөлінеді. Екіншісі бірі уақытпен санаспай мерзімді сағаттан тыс жұмыс жасайды, бұл қатарда кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, оның ішінде, өздерін жұмыспен қамтушылар да бар. Қосымша жұмыс, кедейліктен, отбасына қолайлы жағдай жасаудан туады. Сонымен бірге жұмыс тек ақша табу үшін ғана емес, жұмыскер еңбектің ауыр-жеңіліне, лас-тазалығына, бүгінгісі мен ертеңгі келешегіне, лауазымының өсуіне де назар аударады. Бұл талаптар, әсіресе, жоғары білімі бар адамдарға тән. Еңбекақысына көңіл толмайтындардың ішінде, әрине, әртүрлі мамандықтардың иелері бар: білімді мамандар, қатардағы сауда, кеңсе қызметкерлері және жұмысшылар. Қарсылық көңіл күй осы топтар арасынан шығады. Жұмыс орындарында олармен есептесе бермейтін жағдай жиі кездеседі, олардың әрбір қадамы қатаң ережелермен белгіленген. Еңбек демалысына шығу да жұмысшының еркінде емес. Осыған байланысты елімізде жұмыс берушілердің өз құқықын біржақты артық пайдаланатыны көзге ұрып тұр. Мәселен, – дейді Елбасы, – Еңбек кодексінде жаңа қабылданған қызметкерлер үшін сынақ мерзімі туралы норма бар. Алайда кейбір кезде ол ешбір қисынға сыймайтын жағдайға жеткізіледі. Жоғары оқу орындарын бітірген жастар заңда белгіленген мерзім ішінде «сынақтан өтушілер» есебінде ешбір еңбекақысыз жұмыс істеп қана қоймай, сонымен бірге, оларды тіпті шамадан тыс жұмысқа салу жағдайлары жиі кездесіп қалады. Оның үстіне сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін 3-4 сынаққа алынушының біреуі ғана штатқа кіргізіліп, қалғандары шетке қағылады. Әсіресе, мұндай берекесіз тірлікке мемлекеттік емес мекемелер мен жеке құрылымдар, соның ішінде, ірі банктердің филиалдары көбірек барады». «Бұл дегеніміз, біздің жастарымызды қанаудың бір түрі емес пе!», – деп Президент өрескел қылыққа қынжылады. Сондай-ақ «еңбек шарттарының әдейілеп төмендетілуі», «еңбекақының кешіктіріп төленуі», басқа да жағдайлар еңбек адамының еңсесін түсіріп, бүгін оларды жабырқаңқы, көңілсіз күй кештіріп, жүнжітіп отыр. «Сонымен қоса, не еңбек, не Әкімшілік, не Қылмыстық кодекстерде

еңбек дауларын туындатқаны үшін жұмыс берушілер, жауапты және басқа да тұлғаларды жауапкершілікке шақыру баптары қарастырылмаған», – дейді Нұрсұлтан Әбішұлы. «Әйелдерді жұмысқа қабылдаған кезде бірден екі өтініш алады – жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы, егер жүкті бола қалса деген оймен. Бұл, масқара!», – деп өкінеді Президент. Еңбек саласындағы әділетсіздік пен озбырлық та осылай кең етек алған. Халыққа біржақты қысым көрсетіліп, тіпті күш жұмсауға дейін барғанымыз белгілі. Ұнжырғасы түскен жұмыскер кәсіпорынды басқару мәселесіне араласудан да шеттетіледі. Бұл көптеген посткеңестік елдерге тән жағдай. Сондықтан Ресейді «дәрменсіз адамдардың елі» деп те атайды. Бұл әкімшілік ресурстардың Германия, Ұлыбританиямен салыстырғанда күштілігін, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының әлсіздігін, тіпті бейшаралығын көрсетеді. Бір көңіл аударатын жағдай, қазақстандық қызметкерлердің басым көпшілігі өздерінің кіріптарлығынан аса үлкен проблема жасамайды, себебі, олар қорғансыз. Оны жақсы білетін жұмыс берушілер өз үстемдіктерін жүргізе береді, заңды талаптармен де есептеспейді. Ал қызметкерлер жұмыстан айырылып қалудан қорқады, себебі, жұмыс тек күнкөрістің көзі ғана емес, тіпті өмірдің өзі десек те артық болмас. Оны жұмыссыздар жақсы түсінеді. Әлеуметтік заңнаманы жаңарту, құқықтық оқытулар, үгіт-түсінік жұмыстар, еңбек заңдарының негіздерін түсіндіретін материалдар жариялау, кәсіптік біліктілікті жетілдіру, өмір сапасының үлгі-қалыбын дамыту, білім саласын жетілдіру еңбек қатынастарында жаңа оңды ахуал қалыптастырады. Сонымен бірге, әлемнің бірқатар елдерінде әр жеке қызметкердің позициясы заңды әлеуметтік кепілдіктер жасалғанның өзінде де жұмыс берушіге қарағанда қашанда әлсіз екенін ескеріп, оны заңдық тұрғыдан ұдайы қолдау мемлекеттің маңызды әлеуметтік функциясы деп есептейді. Жұмысшы мен жұмыс берушінің о бастан теңсіздігіне байланысты континентальдық құқық мемлекеттері жұмысшылардың, біріншіден, денсаулығын қорғауын, екіншіден, жұмыстан заңсыз босатылмауын, үшіншіден, одақ, ұйым құруына кедергі жасамауын, төртіншіден, еңбекақы төлеу мәселесінде тараптардың тәуелсіздігін, бесіншіден, өнеркәсіп орындарының басқаруына тарту, пікірлерімен есептесуін саяси партиялар, кәсіподақ ұйымдарымен бірге ашық қорғайды, бірақ популистік ұрандарға да жол берілмейді. Н.Назарбаев «Қазақстанда мемлекет – әлеуметтік жаңғыру үдерістерінің бастамашысы және басты қозғаушы күші» деп бағалаған, демек, Үкімет пен Парламенттің еңбек мәселесінде ұстанымдарын қайта қарау маңызды. Еңбек кодексін қабылдау барысында үкіметтің талай рет ашықтан-ашық шетел инвесторларының мүддесін қорғағаны сол кездегі депутаттардың есінде. Еліміздің материалдық және мәдени байлықтарын жасайтын сегіз

миллионнан астам қызметкерлер мен жұмыс берушілердің басын біріктіретін, еңбекке ынталандыратын еңбек адамына құрмет пен әділдік. Жеке меншік және демократиялық қағидалар еңбек рыногында тек бәсекелестікке ғана негізделеді. Сондықтан, еңбек саласында қатал сыннан өткен ең білімді, қабілеттілер ғана жұмысқа қол жеткізеді. Әлсіздер мен қабілетсіздерді нарық аямайды. Тәртіпті, жоғары кәсіби мамандарға жол ашылып, еңбек бағаланады. Қазақстандықтар әлеуметтік жаңғыртуға, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына енді бет алды. Бұл ұзақ мерзімді, тәуекелі мен тосқауылдары мол идеяны жүзеге асыру қоғамның экономикасы, әлеуметтік саласы мен адам санасындағы күрделі өзгерістермен байланысты.

Амангелді Айталы, философия ғылымдарының докторы, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры.